

ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛДЕРІНДЕГІ АПАТТЫЛЫҚТЫ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЕҢ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӘДІСІ – БҰЛ АВТОМОБИЛЬ АҒЫНДАРЫН ЖОЛ ӨТПЕЛЕРІНЕ БАҒЫТТАЙ ОТЫРЫП, ОЛАРДЫ ЖАБУ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МҰНДАЙ ЖОЛ ӨТПЕЛЕРІНІҢ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ МҰМКІНДІК БЕРМЕЙДІ, ӨЙТКЕНІ ОЛАРДЫ САЛУҒА ОСЫ МӘСЕЛЕ ҚҰЗЫРЕТІНЕ КІРЕТІН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР БЮДЖЕТТЕРІНЕН ЕДӘУІР ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАРАЖАТ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ.



Ниязбек ЖАҢБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті директорының орынбасары



№25 (2740)
08/04/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



КОНТЕЙНЕРНЫЙ ХАБ ПОРТА АКТАУ

Казахстан договорился с PSA International Pte Ltd о создании контейнерного хаба в порту Актау.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан

Заместитель министра индустрии и инфраструктурного развития РК Берик Камалиев и вице-президент сингапурской компании PSA International Pte Ltd Ли Пен Ги на встрече в Нур-Султане обсудили вопросы сотрудничества в транспортно-логистической сфере, в том числе

создания контейнерного хаба в порту Актау и цифровизации таможенных и торговых процессов. Представители PSA выразили заинтересованность в дальнейшем развитии перевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту. По итогам встречи стороны договорились утвердить соответствующую дорожную карту.

Напомним, что по поручению Главы государства комитетом транспорта МИИР РК ведется

работа по созданию контейнерного хаба в порту Актау. Реализация проекта позволит увеличить поток контейнеров через казахстанский морпорт до 100 тысяч ДФЭ.

По итогам I квартала 2022 года объем контейнерных перевозок через морские порты Актау и Курык вырос на 4% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

В целом в текущем году объемы перевозок через морские порты планируется довести до 10 миллионов тонн с учетом переориентации порядка 4 миллионов тонн экспортных грузов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ШЕКАРАДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ



ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысы өтті. Оған қатысушылар Қытаймен шекарадағы жағдай, жүктердің өткізілуіне қатысты мәселені талқылады.

Қазіргі таңда Қазақстан-Қытай шекарасында бес автомобиль және екі теміржол өткізу пункті, сондай-ақ «Қорғас» ШЫХО» АҚ кеден бекетінің жүк терминалы жұмыс істейді. Үкімет басшысы кедендік құн индексі және кедендік төлемдер индексі бойынша оң динамика бар екенін айтып өтті, кедендік құн индексі көрсеткіші 75%-ға, Қытайдан импортталатын тауарлар бойынша 1 кг үшін 4 доллардан 7 долларға дейін, кедендік құн индексі көрсеткіші екі есе – 264 теңгеден 561 тг/кг дейін өскен.

«Нұр жолы» шекаралық өткізу пунктіне келер болсақ, тауар тасымалдауды ұйымдастырушы ретінде жұмысын бастаған «KTZ Express» АҚ арқасында оның өткізу қабілеті күніне 10-нан 47 АҚҚ-ға дейін артқан. Бір тасымал құны \$4500-ден \$2050 дейін төмендеді. Қолма-қол ақшалай өзара есеп айырысу алынып тасталып, қаражатты көлеңкелі айналымнан шығаруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар электрондық кезек бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

«Қорғас» ШЫХО-да жыл басынан бері арнайы кран арқылы 61 көлік құралдары ауыстырып тиелген. Бұл ретте тариф екі есеге төмендетілді. Отырыс барысында өткізу пункттерінде кептеліс жоқ және жағдай тұрақты екендігі атап өрсетілді. Әлихан Смайылов статистикалық сәйкессіздіктерді болдырмау үшін тиісті ведомстволарға импорт пен экспортқа қатысты деректерді өзектендіруді, сондай-ақ өткізу пункттерінде ведомстволарлық өзара іс-қимылды күшейтуді тапсырды.

Ұлан ОРАЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2022 ГОДУ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ПЛАНИРУЕТ ЗАКУПИТЬ

1 500

ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ

45

ПРОТИВОРАЗМЫВЧНЫХ ПОЕЗДОВ СФОРМИРОВАНО В ҚТЖ

136

КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ВОКЗАЛОВ И СТАНЦИЙ АДАПТИРОВАНЫ ПОД ВОЗМОЖНОСТИ МАЛОМОБИЛЬНЫХ ЛИЦ

Цифрландыру

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІКТЕРІ

Қазақстан темір жолының «Цифрлық трансформация» бағдарламасы бойынша былтыр қандай жұмыстар атқарылды? Бұл туралы «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Бизнесті трансформациялау орталығы» филиалының директоры Серік Қандықбаев айтып берді.

Ұлан ОРАЗ,
Нур-Султан

Ең біріншісі, Қорды (запас) басқару жобасы. 2019 жылы қолға алынған жоба арқылы жұмыстың екі дербес бағыты бойынша бизнеске дайын шешімдер жасау көзделді. Екінші жоба – деректерді басқарудың жаңа үлгісін енгізу. Жоба міндеттеріне мәліметтерді басқару кеңесі мен CDO рөлін құру, архитектуралық деректер жасау, ETL құралдарын, деректерді талдау бойынша технологияларды енгізу жатады. Үшінші – Достық және Алтынкөл шекаралық станцияларында импорттық-транзиттік жүк ағынын басқару және реттеу жобасы.

Мақсат – «Қазтеміртранс» АҚ базасында Бірыңғай дистрибутор құру, сол арқылы тасымалға жекелеген вагон парктерін тарту, станцияда құрамдарды өңдеу кезінде маневрлік локомотивтерді тиімді пайдалану, Қытай мен Қазақстанның шекаралық станциялары аралығында пойыздар үшін тиімді ақпараттық хабарландыру жүйесін жасау, транзит ағыны үшін АСУ ДҚР арқылы оператордан тариф алу процесін автоматтандыру. Төртінші – жоспарлаудың біріктірілген жүйесі. Бұл жоба арқылы жылдық және орташа мерзімді жоспарлау процесін автоматтандыруды енгізу көзделді.

Сонымен қатар былтырғы

жылы ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа моделін енгізу, пойыздар қозғалысын басқару орталығын құру, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жаңа ұйымдастырушылық үлгісі және компанияны басқару жүйесі, қоғамның операциялық тиімділігін арттыру, жолаушылар тасымалы саласындағы сату және маркетинг, «Кедентранссервис» АҚ терминалдары қызметінің тиімділігін арттыру, локомотивтерді «бір адаммен» басқару жобасы, «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС коммерциялық функцияларын автоматтандыру және орталықтандыру, маневрлік жұмыстар тиімділігін арттыру, локомотив тартымы тиімділігін күшейту жобалары сәтпен жүзеге асырылған.



Жалғас АБДРАХМАНОВ,
инженер отдела пути филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети»:

« СЕЙЧАС НА НАИБОЛЕЕ УЯЗВИМЫХ ЧАСТКАХ ПОЛНЫМ ХОДОМ ВЕДУТСЯ ОЧИСТКА И ВСКРЫТИЕ ВОДОПРОПУСКНЫХ ТРУБ. ЕСЛИ ВОДА СО СТЕПИ ПОДОЙДЕТ ВПЛОТНУЮ К ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ, ЕЕ ПРОПУСТАТ ПО ЭТИМ ТРУБАМ. ТАКИМ ОБРАЗОМ НЕЙТРАЛИЗОВАВ ЕЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА ПУТИ



ПО НОВОМУ МАРШРУТУ



РЖД Логистика в партнерстве с ОТЛК ЕРА отправили первый полносоставный рефрижераторный поезд из Китая в Россию по новому маршруту через Казахстан. Расчетное время в пути – 18 дней.

Поезд, в составе которого 50 автономных рефрижераторных контейнеров, отправился из города Цзыбо (Китай) и последует до подмосковной станции Селятино через станцию Достық.

В контейнерах перевозятся замороженные фрукты и овощи, морепродукты и другая агропромышленная продукция. В будущем перевозки по данному маршруту станут регулярными. В месяц планируется отправлять по 4 поезда.

К слову, ОТЛК ЕРА – оператор транзитных контейнерных сервисов между Китаем и Европой, осуществляющий транспортировку грузов через территорию России, Казахстана и Беларуси в составе регулярных контейнерных поездов из Китая в Европу. Учредителями компании являются Российские железные дороги, Белорусская железная дорога, АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Айлин БАУРЖАН

К МАКСИМАЛЬНОЙ ПРОЗРАЧНОСТИ

На государственном онлайн-сервисе eOtinish потребители услуг могут удаленно подать обращение в адрес АО «НК «ҚТЖ». Национальный перевозчик проводит открытую политику в отношениях с потребителями услуг для повышения эффективности своей деятельности и всегда готов к быстрой обратной связи.

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Нур-Султан

Так, компания тесно взаимодействует с клиентами через все возможные коммуникационные каналы, что позволяет поддерживать эффективную обратную связь с ними. eOtinish – это платформа для прямого взаимодействия экспертов различных областей, государственный онлайн-сервис, который призван усилить права граждан без очередей и бюрократических задержек.

Функциональные возможности нового сервиса достаточно обширны. На сайте eotinish.gov.kz пользователь может оформить онлайн-жалобу, запрос, отклик, сообщение или другой документ в электронной форме. При этом можно обжаловать или оспорить полученный в сервисе ответ; в случае необходимости или по запросу профильных служб подать дополнительные документы; подать электронное обращение через мобильный телефон; контролировать порядок исполнения принятого решения;

отслеживать порядок рассмотрения ранее поданного обращения и многое другое.

История запуска нового сервиса началась с того, что 1 июля 2021 года в Казахстане вступил в силу Административный процедурно-процессуальный кодекс (АППК). Вследствие этого изменилась работа с обращениями граждан – для контроля была внедрена электронная система eOtinish. По словам аналитиков, электронные обращения eOtinish повысили эффективность ра-

боты госорганов, субъектов квазигосударственного сектора и прозрачность рассмотрения обращений граждан. По новому АППК предоставить ответ на обращение необходимо в течение 15 рабочих дней.

При этом человеку, который хочет подать онлайн-обращение, не придется регистрироваться на eOtinish. Он может авторизоваться в системе через портал электронного правительства (в отдельных случаях потребуются ЭЦП). По словам специалистов, раньше в

Казахстане не было единой системы для рассмотрения обращений граждан, поэтому курирующие органы не могли анализировать данные и контролировать сам процесс рассмотрения обращений.

Подать обращения можно двумя способами. Гражданин может прийти в ЦОН, акимат или госорган и оставить свое обращение. В ЦОНах для этого созданы специальные пункты приема обращений через eOtinish. Это отдельные кабинеты, в которых оператор ЦОНа примет обращение и зарегистрирует его в системе. Если времени идти в ЦОН или госорган нет, обращение можно подать через портал eGov, мобильные приложения eOtinish, eGov mobile, aitu.

Система позволит заявителям контролировать ход рассмотрения своего обращения, оценивать качество предоставленного ответа и видеть реальные проблемы казахстанцев.

БЕЙНЕУ БАҒЫТЫНАН БАСТАЛДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



БАЙҚАУ

Маңғыстау темір жолындағы көктемгі комиссиялық байқау биыл Бейнеу-Тассай бағытынан басталды.



Маңғыстау бөлімшесінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов жетекшілік еткен топ құрамында бөлімше басшыларынан бөлек, бас инженер, қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің салалық ревизорлары, бөлім басшылары мен сектор меңгерушілері, заңгер мен кәсіподақ ұйымының өңірдегі өкілі де бар.

Комиссия мүшелері 4 сәуір күні түстен кейін Маңғыстау станциясынан Бейнеу бағытына жолға шықты. 5 сәуір таңғы сегізде тоғыз жолдың торабы Бейнеу станциясында көктемгі байқауға кірісті. Алғашқы нысан Сағыз бекеті болды. Онда нысандар мен мекемелердің жағрафиялық қаралып, кем-кегіті пысықталды. Келесі күні жұмыс Бейнеу-Оазис бағытына ауысты.

– Бейнеу-Тассай желісі бойындағы тексерістер кезінде байқағанымыз, жалпы теміржолшылардың жағдайы жаман емес. Жол бағыттағалық бұрмалар, басқа да инфрақұрылымдық нысандар да қанағаттанарлық деңгейде. Мамандардың даярлығы да жақсы. Осы желі бойындағы 11 бекетте болып, алдағы жағдай тасымалға жұмыс істеуге дайындықтарын сараптап салдық, халықтың ахуалымен таныстық. Алда тағы 49 бекет бар. Қазір Бейнеу айналым депосындағы жұмыстармен танысудамыз. Ертең Бейнеу-Құлсары теміміне қарай ойысамыз. Ауа райы құбылып, шаң борап тұр. Десе де, ол жұмысқа кедергі емес, – дейді комиссиялық байқау барысынан ақпарат берген Маңғыстау қосалық бөлімшесінің техникалық бөлім басшысы Ернар Айдарханов.

Бейнеу-Құлсарыдан кейін 8 сәуір күні кезек Бейнеу-Маңғыстау учаскесіне келеді. Бұл телімде 1,2,3,4,5,6,7-бекеттер мен Устірт және Сай-Өтес станциялары орналасқан. Ал одан кейін комиссиялық топ бағытты Маңғыстау-Сай-Өтес және Маңғыстау-Өзен-Болашаққа қарай бұрады. Байқау жоспар бойынша 15 сәуірге дейін жалғасады. Сосын Маңғыстау станциясында қорытынды жиын өтеді.

Суретті түсірген автор

ПОРТ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сұлгүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан



АЙЛАҚ

Халықаралық сауда орталығының делегациясы Құрық порты паром кешенінде жұмыс сапарымен болды.

Порт өкілдері мәртебелі меймандарды порттың инфрақұрылымымен және өндірістік қуатымен, сондай-ақ, паром кешенінің өткен жылғы және үстіміздегі жылдың екі айындағы жұмыс қорытындысымен таныстырды.

Сондай-ақ, Халықаралық сауда орталығы өкілдерінің қатысуымен конференция өтіп, қатысушыларға Құрық порты паром кешенінің дамытуындағы алдағы жоспарлары ұсынылды. Қазіргі уақытта «Құрық порты» ЖШС жүктерді ауыстырып тиеу көлемін 5 есеге ұлғайтып, бұл көлемді тағы да 4 млн тоннаға дейін жеткізуді қолға алған. Бұл үшін паром кешенінде автомобиль, теміржол және әмбебап көліктерге арналған үш, сондай-ақ кемелердің барлық түрлерін қабылдауға арналған әмбебап айлақ бар, олар тәулігіне 5-8 паромға дейін өңдеуге мүмкіндік береді.

АВТОМОТРИСА САТЫП АЛЫНДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ


Теміржолдың электрмен жабдықтау шаруашылығында «Байланыс желісі үшін автотриса сатып алу» жобасы жүзеге асырылып жатыр.

Оның шеңберінде 2 бірлік АДМ техникасы Астана және Көкшетау электрмен жабдықтау дистанцияларына сатып алынып орнатылған. Бұл желілік бөлімшелердің арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамының (АӨЖҚ) жаратқандыру деңгейін арттыруға және байланыс желісін ұстауды технологиялық процесін орындауды қамтамасыз етуге ықпал етті.

Сондай-ақ, тартымдық электрмен жабдықтау құрылыстарына, яғни байланыс желісіне қызмет көрсетудің технологиялық процесін қамтамасыз ету үшін 10 бірлігіне күрделі жөндеу және бір АӨЖҚ-не қызмет ету мерзімін ұзарта отырып, күрделі жөндеу жүргізілген.

Электрмен жабдықтау шаруашылығы құрылыстарының сенімділігін арттыру бойынша да біраз жұмыстың басы қайырылыпты. Атап айтқанда, байланыс желісі бойынша 12187 шақырымға ағымдық жөндеу жүргізіліп, 230 мыңнан астам фарфорлық оқшаулағыштар диагностикадан өткен. Сондай-ақ, 30 мыңға жуық барлық типтегі оқшаулағыштар, 36 мыңнан астам байланыс желісінің тозған ішектері ауыстырылды.

ҚИҒАШ ӨЗЕНІНЕН ҚАУІП БАР



ТАСҚЫНҒА-ТОСҚЫН

Биылғы жылы батыс өңірлерде елді мекендерді су басу жағдайы жиі болып жатыр. Мамандардың айтуынша, бүгінгі таңда Атырау облысы аумағында су деңгейі тұрақты. Дегенмен, Орынбор облысындағы Ириклинск және Волгоград су қоймаларынан судың көп келуіне, сондай-ақ, ағын сулардың көбеюіне байланысты тасқын қаупі жоқ емес.

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Әсіресе Ресеймен шектес Қиғаш өзенінен қауіп бар. Жауған қар көлемі жылдағыдан көп болмағанымен, су Ресейден ағыспен келіп жатыр. Атырау облысы аумағынан Жайық өзені өтеді, сондай-ақ Қиғаштан басқа Жем, Сағыз, Ойыл өзендерінің де тасуы мүмкін жағдай. Каспий теңізі де бүйірде тип тұр.

Биыл Сағыз ауылына да ағын су көп келді. Ақтөбе облысының Байғанин ауданымен шектесетін Ноғайты өзені тасып, жылысып, Сағыз өзеніне дейін жетіпті. Ауыл тұрғындары уақытша көшіріліп, абырой болғанда су тез қайтып, келесі күні үйлеріне оралған. Ақтөбе-Атырау-Астрахань тас жолын да су басып, көпірді шайып кеткендіктен жол қатынасы уақытша тоқтаған. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің қауіпсіздік инженері Фарид Қажанованың айтуынша, темір жолға тікелей төнген қауіп жоқ, бірақ сақтық шаралары қолға алынып отыр.

Атырау магистральдық желі бөлімшесі өндірістік-техникалық бөлімінің маманы Әйгерім Қайрболатованың мәліметінше, 2022 жылғы көктемгі су тасқыны, сен, өр, жаңбыр сулары ағысы кезінде жолдың, жол төсемінің және жасанды құрылыстардың сақталуы мен тұрақты жұмыс істеуі алдын ала жоспарлы-ұйымдастыру іс-шаралары деңгейінде орындалуда. Облыс аймағындағы темір жол торабы бойынша негізгі жолдың ұзындығы – 555,8 шақырым. Бөлімшесінің қызмет көрсету учаскесінде 56 көпір, 204 темірбетонды су құбырлары бар.

Бүгінде бөлімше бойынша сақтық шаралары алынып, су тасқыны орын алған жағдайда Атырау темір жолы бойынша 2 пойыз құрамы, 7 вагон жасақталған. Оның ішінде Атырау жол дистанциясы бойынша 3 вагон, Құлсары дистанциясы бойынша 4 вагон. Соған сәйкес, шебін, құм, тағысын тағы су жолына бөгесін болатын құрал-жабдықтар тиелген 3 вагон Ганюшкино станциясына, 4 вагон Құлсары станциясына қойылған.



ОБЛЫС АЙМАҒЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖОЛДЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ – 555,8 ШАҚЫРЫМ. БӨЛІМШЕНІҢ ҚЫЗ-МЕТ КӨРСЕТУ УЧАСКЕСІНДЕ 56 КӨПІР, 204 ТЕМІРБЕТОНДЫ СУ ҚҰБЫРЛАРЫ БАР.

Мамандардың пікірінше, соңғы жылдары Жайық өзенінің деңгейі төмен. Биылғы жылы да су көп келе қоймайды деген болжам бар. Бірақ, Атырау облысында 2015, 2016 жылдары екі жыл қатарынан апталап жауған нөсер жауыннан мыңдаған үйлер, авто, темір жолдар суға кетіп, жергілікті халық қатты зардап шеккен. Биыл Атырауда қар көлемі әдеттегі мөлшерден аспады. Ал Жайық өзенінің бастауында, Батыс

Қазақстан, Ақтөбе облыстары аумағында керісінше қардың көлемі жылдағыдан көп болды. Сондықтан, көктемгі су тасқыны аймаққа еш зиянын салмай өте шығады деп болжам жасауға болмайды. Жоғарыда айтқан Ноғайты, Әсіресе, Құрманғазы, Исатай ауданында да қауіп бар. Өйткені су бөгеттері – дамбалардың соңғысы 1994 жылдары салынған. Ал аталған аудандарда Исатай, Аққыстау, Бекбике, Д.Нұрпейісова, Ганюшкино, Ақсарай, т.б. станция-разъездер бар. Шапқан аттан озып кететін су тасқыны келер болса, ол бекеттерге сөзсіз қауіп туады.

– Қазірде жол дистанцияларының жауапкершілігіндегі жасанды құрылыс кешендері, көпірлер, темірбетонды тұрбалар, кюветтік су ағыны жыралары қардан, қоқыстан тазартылып, күнделікті күтіп-ұстау, жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Су тасқыны кезінде шайып кету қаупі бар көпірлер мен тұрбалар күнделікті диспетчерлік бақылауға алынған. Жалпы алғанда магистральдық желілер жұмысы қалыпты, жасанды инженерлік құрылыстар су өткізуге дайын, – дейді Ә.Қайрболатова.

Суретті түсірген автор

Сұхбат



Ел тәуелсіздігі жылдарында қазақ темір жолын дамытуға елеулі еңбек сіңірген азаматтың бірі – «Құрметті теміржолшы», «Құрмет» орденінің иегері Съезбек Әлішев. Кеңес дәуірінде қарапайым теміржолшыдан басталған оның еңбек жолының сәуелелі шақтары – 1997 жылы ҚТЖ ұлттық компаниясы құрылғаннан кейінгі жылдар. Бүгін 63 жасқа толып отырған тарлан теміржолшымен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

АБАЙ ЕЛІНІҢ АЗАМАТТАРЫНА АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

– Съезбек Әліпбайұлы, соңғы отыз жылда қозғалыс қызметінің барлық сатысын өтіп, бірнеше аймақта жол бөлімшелерін басқардыңыз. Егемендіктің алғашқы жылдары мен ұлттық компания құрылған кезеңнің ерекшеліктері туралы естелік айтып өтсеңіз.

– Егемендіктің алғашқы жылдары, яғни 1992 жылдан бастап теміржол қызметі мүлде жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуден өтті. Сол жылы мен Алматы бөлімшесіндегі Достық станциясына станция басшысының жүк тасымалы бойынша орынбасары болып тағайындалған едім. Достық жаңадан ашылып жатқандықтан кәсіби мамандар жетіспей, жақын елді мекендердің тұрғындары арасынан жігіттерді шақырып, теміржол қызметіне баулыдық. Қиындық көп болды, теміржолшылар вагондарда тұрып еңбек етті. Климаты аса қолайсыз аймақта олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін орасан күш жұмылдырылды. Жоспарлы шаралардың нәтижесінде Достық станциясы да өсіп, жүктерді қайта тиеу және тасымалдау қаты біртіндеп артты. Ол күндер бүгінгі быын үшін аңыз сияқты көрінер. Алайда, менің еңбек

жолымда Достық станциясындағы жылдарым ерекше із қалдырды.

– Еліміздегі ең ірі теміржол торабы Алматы бөлімшесінде бас инженер болдыңыз. Бұл «Қазақстан темір жолы» РМК-нің құрылуы мен дамуы бойынша жұмыстарға көп әлемдік қызметін атқара жүріп, станцияларды қайта құрылымдау, дамыту бойынша жұмыстарға көп күш салдық. Үш жол бөлімшесінің қосылуы алғашқыда бірталай түсініксіз тудырған болатын. Алайда, кейіннен бұл жобаның экономикалық тұрғыдан тиімді екенін уақыттың өзі дәлелдеді.

Басшылық алдына қойылған мақсат – Қазақстан теміржолын заманға сай әрі тиімділігі зор салаға айналдыру және әлемдік жүк тасымалы жүйесіне үйлесімді кіргізе отырып, дамыған нарықтық бәсекелестік жағдайындағы кәсіпорын дәрежесіне жеткізу болды.

Мен үшін қозғалыс қызметі теміржол саласының өзегі саналады. Сондықтан болар, аталмыш саланың ең жауапты қызметтерін атқаруыма өзіме абырой саналды.

2006 жылы өзін еңбек еткен Достық станциясының директоры болып бардым. Бұл кезеңде Қытай импорты екі есеге өскендіктен, жүк тиеу мен түсіру жұмыстарына қарқын алдыру қажеттігі туындаған болатын. Вагондарды беру сапасын арттыру мақсатында қосымша желілер салдық. Сондай-ақ, іркіліс тұтызу мақсатында, вагондарды сұрыптауға қосымша уақыт жоғалтпастан жүк айналымының тиімділігін арттыруға қол жеткіздік. Осылайша, тәулігіне 500-600 вагонды пайдалануға беру мүмкіндігі туды. Мұны айтып отырғаным, осындай тың тәсілдер Ақтоғай, Алматы станцияларында да қолданылды. Бұл кезеңдерде өндіріске жаңашылдық енгізудің маңызы жоғары болды.

– Сіз «Кедентранссервис» АҚ вице-президенті, «Табыс-Транс» ЖШС директоры, кейіннен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ташкент қаласындағы өкілдігінің жетекшісі қызметтерін де атқардыңыз. Басшылық қызметтегі ескерілуі тиіс бірінші міндет не дер едіңіз?

– Теміржол саласы жоғары

жауапкершілікті талап етеді. Бұл бірінші кезекте басшылардан басталуы керек. Ұжымдағы тұрақтылық басты назарда болуы тиіс. Конструктивті байланыс бірлікті нығайтып, еңбек өнімділігін де арттырады. Мысалы, бір қызметкер еңбек қатынастары мәселесінде наразы болатын болса, бірден нақты шешімдер қабылдануы тиіс. Себебі, мұндай мәселелер қордалана берсе, үлкен проблемаға әкеліп соқтыруы мүмкін. Осы ұстанымды Қызылорда ЖТ бөлімшесі мен Алматы, Шығыс Қазақстан мен Семей ЖТ бөлімшесі басшылығы қызметінде де, қатаң сақтауға тырыстым. Соның нәтижесінде болар, үш-төрт бөлімшеде де жергілікті теміржолшылармен ынтымақта жұмыс істегенімді мақтан ете аламын.

– Бүгінде бейнеттің зейнетін көретін ел ағасы жасы – 63 жасқа аяқ басып отыр екенсіз. Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

– Рахмет! Өскемен өңіріндегі басшылық қызметімді қоса алғанда ел шығысында үш жылдан аса еңбек етіптің. Зейнеткерлік жасқа қасиетті Абай елінен шығу бақыты бұйырғыпты. Мен үшін осының өзі үлкен жетістік. Барлық әріпестеріме, әсіресе ерекше сыйластықта болған Абай елінің азаматтарына алғысым шексіз...
Суретті түсірген автор

В этом году Казахстанский отраслевой профсоюз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта отмечает 30-летний юбилей. За этот период он прошел непростой путь и вырос в крупную, авторитетную организацию, объединяющую более 100 тысяч работников одной из самых стратегически важных отраслей экономики. Для железнодорожников Казпрофтранс всегда был и остается надежной опорой. Праздничная дата – еще один повод вспомнить славные вехи истории отраслевого профсоюза.



БЕЗ ПРОШЛОГО НЕТ БУДУЩЕГО

Летопись ОО «Казпрофтранс» уходит корнями в 90-е годы прошлого века. После развала СССР процессы трансформирования затронули все стороны социально-экономической жизни граждан новых независимых государств. Коснулись они и главной артерии нашей страны – железнодорожного транспорта. Развал единого народнохозяйственного комплекса привел к остановке тысяч производств и, как следствие, к резкому снижению перевозок.

На совершенно пустом нормативном поле оказалось и профдвижение: прежние законы утратили свою силу, а новые еще не были приняты. При этом предпринимались самые



водной, воздушной и автомобильной отрасли. Во многих из них профсоюз существовал только формально, в других были проблемы с соблюдением обязательств. В короткие сроки Оразгали Тулепбекович вместе со своей командой помогли создать профсоюзы в некоторых автобусных парках столицы, составить отраслевое соглашение АО «ҚазАвтоЖол», такую же работу провели с аэропортами.

На всех этапах развития стальной магистрали независимого Казахстана и реструктуризации отрасли профсоюз под руководством своих признанных лидеров не допускал трудовых конфликтов и прекращения работы. Все вопросы решались за столом переговоров не с позиции силы, а уважительного отношения к стороне диалога. Всегда во главу угла ставились реальные возможности и создание нормального психологического климата в трудовых коллективах.

Благодаря профессионализму, ответственному труду и неравнодушию свои имена в историю отраслевого профсоюза и железнодорожного транспорта вписали ветераны, руководители и специалисты Профсоюза Амангельды Байжуманов, Амангельды Исин, Адилькерим Байшапанов, Галина Саятова, Людмила Закина, Виктор Пак, Виктор Степанцов, Кенжехан Усимбеков, Балтасалар Ибрагимов, Казбек Рахметов, Кенесбай Абенев, Талгатбек Спанов, Жупарбек Сабитов, Жуман Сменов и многие другие профсоюзные лидеры и активисты.

ПРИНЦИПЫ ОСТАЮТСЯ НЕИЗМЕННЫМИ

За прошедшие десятилетия Казпрофтранс прошел непростой путь и вырос в крупную, авторитетную организацию, объединяющую более 100 тысяч работников и ветеранов железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта. Он является одним из учредителей Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников, Федерации профсоюзов Республики Казахстан, а также членской организацией Международной федерации транспортников.

Сегодня структура Казпрофтранса включает в себя 13 филиалов, 17 локальных профсоюзов, 315 первичных профсоюзных организаций, а также четыре представителя Центрального совета Профсоюза по Атыраускому, Мангистаускому и Семейскому регионам и Защитинскому узлу.

Идут годы, но неизменными остаются главные принципы и направления работы отраслевого профсоюза – защита трудовых прав и социально-экономических интересов работников, ветеранов отрасли, законодательская деятельность, решение вопросов охраны труда, разрешение трудовых конфликтов, благотворительность, развитие спорта, обучение, молодежная политика, международное сотрудничество и многое другое.

Последовательная реализация обязательств и гарантий, установленных Отраслевым соглашением и Коллективными договорами, позволяет сохранять стабильную работу железнодорожного транспорта. Взаимоотношения профсоюза с руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы», его дочерних организаций и структурных подразделений строятся по принципу равноправного социального партнерства.

30-летие Казпрофтранса отмечает не словами, а конкретными делами. Он максимально продолжит усиливать работу по защите интересов членов Профсоюза. Кроме того, в течение года в разных регионах страны запланированы проведение культурно-массовых, имиджевых и спортивных мероприятий, благотворительных акций, работа с детьми, чествование ветеранов и активистов профсоюза. Венчает юбилейный год итоговое расширенное заседание Центрального совета Профсоюза, которое состоится осенью.

– Немало сделано за минувшие годы, но еще больше предстоит сделать, – говорит Оразгали Ахметбаев. – Надеюсь, что взаимодействие профсоюза и руководства компании продолжит развиваться в позитивном ключе. Ведь на железнодорожников всегда равнялись – на наши условия труда и льготы. Мы должны сделать все возможное, чтобы так было и дальше.

Любовь РОВБА

Фото Александра ЖАБЧУКА

НАДЕЖНОСТЬ, ПРОВЕРЕННАЯ ВРЕМЕНЕМ

разнообразные методы раскола и ослабления влияния профсоюзов. Назревшая острая обстановка стимулировала процесс поиска иной профсоюзной концепции. Чтобы защитить права работников и сохранить потенциал стальной магистрали, руководители Дорпрофсоюза Алма-Атинской, Целинной и Западно-Казахстанской железной дорог – Борис Шубин, Иван Лашин и Сермухамбет Есекеев – приняли стратегически верное решение о создании единого профсоюза железнодорожной отрасли Казахстана.

26 марта 1992 года в Алма-Ате был созван первый учредительный съезд Профсоюза железнодорожников и транспортных строителей, в котором приняли участие более 120 делегатов от трех железных дорог нашей республики, а также первый министр транспорта и коммуникаций РК Нигматжан Исингарин.

Именно с этой датой связано образование общественного объединения «Профсоюз железнодорожников и транспортных строителей Республики Казахстан». В его состав вошли Дорпрофсожи, Райпрофсожи и первичные профсоюзные организации предприятий, непосредственно подчинявшихся отделениям дорог, а также строительных трестов «Желдорстрой» и «Казтрансстрой». Председателем единого отраслевого профсоюза избрали руководителя профсоюза Алма-Атинской железной дороги Бориса Шубина. Его заместителями стали Иван Лашин и Амангельды Байжуманов.

Решениями первого учредительного съезда был принят устав и ряд других нормативных документов, которыми Казпрофтранс руководствуется в работе по сей день – вносятся изменения, дополнения, но основа остается той же. – Главными принципами действия созданного объединенного профсоюза были солидарность членов в целях защиты их трудовых, профессиональных, а также других социально-экономических прав и интересов, оказание организационной, консультативной, правовой и материальной помощи, выдвижение своих представителей в Парламент и органы местного самоуправления, – отмечает председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев.

С первых дней своей деятельности для решения жизненно важных вопросов людей труда профсоюз настойчиво добивался конструктивного диалога с органами исполнительной власти и работодателями, что позволяло в немалой степени ослаблять удары, наносимые экономическими реформами.

ГАРАНТИИ СТАБИЛЬНОСТИ

В кризисные 90-е годы отраслевому профсоюзу предстояло сформировать новую систему социального партнерства и установить единый стандарт гарантий для тружеников магистрали. 26 февраля 1993 года благодаря совместной кропотливой работе подписано первое Отраслевое тарифное соглашение между Правительством РК, управлениями Алма-Атинской, Западно-Казахстанской, Целинной железных дорог и Профсоюзом

железнодорожников и транспортных строителей. Оно действовало до 1 января 1994 года и включало жизненно важные для работников вопросы, касающиеся условий труда и отдыха, занятости, предоставления социальных гарантий и льгот.

Дальновидность принятого руководством Дорпрофсоюза решения о создании центрального органа профсоюза железнодорожников доказана временем. За 30 лет стальная магистраль



Казахстана претерпела ряд ключевых преобразований, менялись структура, названия, но независимый профсоюз на каждом этапе продолжал отстаивать интересы тысяч тружеников отрасли.

Так, в Отраслевом тарифном соглашении на 1997 год было отмечено, что в случае изменения органов управления или реорганизации предприятия оно останется в силе, то есть сохранятся льготы для работников, бюджет обеспечена своевременная выплата заработной платы и решены все предусмотренные в документе вопросы. Это решение профактива вновь оказалось выверенным и единственно верным в складывающихся обстоятельствах – в том же году на базе трех железных дорог было создано республиканское государственное предприятие «Қазақстан темір жолы» (РГП «ҚТЖ»).

Кроме того, Правительством РК было принято решение о реструктуризации железнодорожного транспорта и передаче местным исполнительным органам власти всех объектов социальной сферы (школы, больницы, дома культуры, спортивные комплексы и т. д.). На тот момент железная дорога содержала около шести тысяч социальных объектов, в том числе системы торгового, жилищно-коммунального обслуживания, учреждения образования, здравоохранения, культуры и спорта.

В конце переломного для стальной магистрали 1997 года профсоюз добился заключения Отраслевого тарифного соглашения на двухлетний срок. Ранее он ограничивался одним годом.

– В этом документе руководством компании признало Профсоюз как единственную организацию, ведущую переговоры от имени трудовых коллективов РГП «Қазақстан темір жолы», – отмечает Оразгали

Ахметбаев. – В соглашении были сохранены и расширены льготы и гарантии для работников и пенсионеров железнодорожников.

В 1998-1999 годы в связи с переносом столицы центральный совет профсоюза был передислоцирован из Алматы в Астану. В условиях продолжающейся реструктуризации было сохранено единство трудовых коллективов. Заключены коллективные договоры во всех дочерних предприятиях,

отраслевой профессиональный союз железнодорожников», а к концу того же года вновь сменил название – на общественное объединение «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта». В состав Казпрофтранса вошли профсоюзы предприятий всех видов транспорта. Таким он остается по сей день, отстаивая права свыше 100 тысяч человек, в том числе 97% от общей численности коллектива АО «НК «ҚТЖ».

КАДРЫ РЕШАЮТ ВСЕ

В течение 30 лет менялись не только структура и количественный состав Казпрофтранса, но и профсоюзные лидеры. Активные, мудрые, преданные выбранному делу, каждый из них внес вклад в историю развития отраслевого профсоюза и заслуживает отдельного внимания.

Первый председатель объединенного Профсоюза железнодорожников Борис Шубин на стальной магистрали прошел путь от дежурного поста станции Семипалатинск до заместителя начальника Алма-Атинского отделения дороги, а с 1992-го по 2010 год возглавлял профсоюз отрасли. Под его мудрым руководством профсоюз укрепил связь с трудящимися, выстроил грамотный диалог с работодателем, добился множества льгот и гарантий для железнодорожников. Заслуги Бориса Егоровича отмечены рядом высоких наград, включая знак «Почетный железнодорожник».

Достойный путь в отрасли прошли и его заместители – Иван Лашин, Амангельды Байжуманов и Оразгали Ахметбаев.

После выхода Бориса Шубина на заслуженный отдых в 2010 году коллега единогласно выбрали на должность нового председателя Оразгали Ахметбаева. И вот уже более 10 лет он оправдывает их доверие, успешно справляясь с этими обязанностями.

– Оразгали Тулепбекович справедливый руководитель и очень порядочный человек, стремящийся помогать людям, умеющий слушать и слышать каждого. Он всегда стоит на защите трудовых прав и законных интересов членов профсоюза, поэтому пользуется большим уважением и авторитетом среди железнодорожников. С таких людей нужно брать пример, – поделился заместитель председателя отраслевого профсоюза Жупарбек Сабитов, который тоже более 20 лет посвятил профсоюзной деятельности.

За вклад в работу Оразгали Ахметбаев награжден орденом «Күрмет», высшей отраслевой наградой – знаком «Почетный железнодорожник», многочисленными грамотами и медалями.

Особые организаторские способности в сочетании с лучшими человеческими качествами проявились и когда в 2014 году под крыло отраслевого профсоюза попали новые локальные организации – профсоюзы работников



ЗА 30 ЛЕТ СТАЛЬНАЯ МАГИСТРАЛЬ КАЗАХСТАНА ПРЕТЕРПЕЛА РЯД КЛЮЧЕВЫХ ПРЕОБРАЗОВАНИЙ. МЕНЯЛИСЬ СТРУКТУРА, НАЗВАНИЯ, НО НЕЗАВИСИМЫЙ ПРОФСОЮЗ НА КАЖДОМ ЭТАПЕ ПРОДОЛЖАЛ ОТСТАИВАТЬ ИНТЕРЕСЫ ТЫСЯЧ ТРУЖЕНИКОВ ОТРАСЛИ.

создана комиссия по рассмотрению вопроса установления повышающих коэффициентов к тарифным ставкам и должностным окладам работникам, занятым на работах с особо вредными и особо тяжелыми условиями труда, на которых ранее распространялось льготное пенсионное обеспечение.

В 2000 году впервые в соглашении включено медицинское обслуживание железнодорожников в соответствии с оформленными страховыми медицинскими полисами.

Стоит отметить, что каждое следующее соглашение всегда совершеннее предыдущего: профсоюз прикладывает все усилия для того, чтобы отстоять существующие льготы и предусмотреть новые социальные блага для работников. С 2003 года сроки действия документа увеличились до трех лет.

В сентябре 2000 года в связи с изменением структуры принято решение о переименовании Профсоюза железнодорожников и транспортных строителей РК в общественное объединение «Профессиональный союз железнодорожников Республики Казахстан». В 2014 году он переименован в ОО «Казахстанский

№25 (2740) 08/04/2022

IT МАМАНДАРЫНЫҢ ТИМБИЛДИНГІ



СЕМИНАР

Жақында «ҚТЖ» ҰК АҚ Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясының Алматы филиалы ұлттық компания стратегиясына ақпараттық технологияларды тарту және таныстыру бағытында семинар өткізді.



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Семинар аясында командалар арасында тимбилдинг ұйымдастырылды. Қызметкерлердің командалық ауызбіршіліктерін арттырып, бойларындағы

жаңа қырларын ашуға мүмкіндік берген шараға дирекцияның өңірлердегі бөлімшелерінен 70 қызметкер қатысты. Олар тимбилдингтен алған әсерлерімен бөлісті. Мысалы, Жамбылдан келген АСҮ операторы Салтанат Кенжеғалиеваның айтуынша, ойын барысында

ол әр өңірден келген әріптестерімен жақынырақ араласып, уақытын көңілді өткізген. Ал Защита станциясының 2-ші деңгейлі бөлім бастығы Азамат Бекпаев корпоративтік команда құраушы тимбилдинг өте жоғары деңгейде өткенін атап айтты. «Болашақта осындай шаралар жиі өткізіледі деп санаймыз, соның арқасында компанияның IT блогының беделі мен деңгейі арта түсері сөзсіз. Оның үстіне болашақта теміржолдың барлық мамандықтары – спецификалық салалық білімнің симбиозы және ақпараттық технологиялар машығына айналады», – дейді ол.

Барлық аймақтардан келген теміржолшылар тимбилдинг барысында жақсы демалып, әрі семинардан мол тәжірибе жинақтады. «Қатысушылардың кездесуі, семинарлар, спорттық жарыстардан бастағанда барлық шаралар өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сала башыларының баяндамаларында ұлттық компанияның IT даму стратегиясы жан-жақты түсіндірілді. Табиғат аясындағы тимбилдинг тек жақсы таныстық қана емес, таза ауада өткен сауықтыру шарасы ретінде де есте қалды», – дейді IT бизнес серіктес Ергазы Жұмаділов.

Суретті түсірген автор

НА РАБОЧЕМ МЕСТЕ



РЕВАКЦИНАЦИЯ

В АО «НК «ҚТЖ» по данным на 6 апреля 2022 года общий процент вакцинированных от коронавируса сотрудников составил 87,5%, ревакцинированных – 7,4. Для удобства работников компании в административном здании АО «НК «ҚТЖ» в кабинете «Медикер» организован пункт для вакцинации и ревакцинации.

– Очень удобно, что сотрудники, без отрыва от производства, на рабочем месте быстро прошли ревакцинацию. Я тоже с удовольствием воспользовалась предоставленной возможностью и ревакцинировалась. Теперь чувствую себя абсолютно защищенной от коронавируса и призываю также защитить свой иммунитет всех железнодорожников.

Очень радует, что работники магистрали осознанно подходят к вопросу своего здоровья и активно вакцинируются, – отметила директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева.

Всего в этот день ревакцинировалось 84 человека и 3 прошли вакцинацию. Кроме того, работникам, получившим



вакцину и прошедшим ревакцинацию, предоставляется дополнительный день отгула с сохранением средней заработной платы.

Асель ШАЙХЫНОВА

Фото Александра ЖАБЧУКА

Спорт

СИЛЬНЫ ТРАДИЦИЯМИ

Дети железнодорожников Карагандинского региона приняли участие в играх по казахским национальным видам спорта – тоғызқұмалақ, асық ату и перетягивание каната – на стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортирочная.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам инструктора по спорту Тагата Айманбетова, в настоящее время наблюдается возрождение и развитие национального спорта и национальной духовности, которые тесно перекликаются между собой.

– На сегодняшний день эти виды спорта являются украшением любого торжества, их всячески культивируют, и они способствуют пропаганде здорового образа жизни среди молодежи. В процессе соревнований ребята продемон-

стрировали силу и выносливость, так как вышеназванные виды спорта имеют состязательный характер, – говорит он. – К примеру, тоғызқұмалақ предназначен для парных состязаний. Как правило, в начале игры у каждого участника в девяти лунках находится по девять камешков. Задача заключается в том, чтобы собрать как можно больше кумалаков в свойazan.

Асық ату с недавних пор признан ЮНЕСКО как часть культурного наследия. В асыкі чаще всего играют дети. Они соревнуются между собой в том, чтобы с опре-



деленного расстояния выбить из ряда один или несколько асыков соперника.

Однако самой забавной и веселой игрой для юных спортсменов считается перетягивание каната. Это командный вид спорта, где каждая группа старается применить свои хитрости и уловки для того, чтобы перетянуть канат в свою сторону.

В этот день соревнования были зрелищными и интересными. Ребята старались показать не только физическую подготовку, но и логическое мышление, а также проявить интуицию и интеллект. В результате первое место заняла команда «Достық», второе – команда «Тулпар», и третье – команда «Аманат».

Фото автора

ПОД ЗАНАВЕС – НАГРАДЫ

Кокшетауская футбольная команда «Локомотив КТЖ» стала победителем первенства лиги любителей футбола зимнего сезона 2021/2022. В торжественной обстановке зала ОСДЮШОР №7 под несомлаемые аплодисменты победители получили заслуженные многочисленные тренировки и упорством награды.

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау

Футбольные баталии начались еще в октябре прошлого года. В течение пяти месяцев команды боролись за звание самой лучшей зимнего сезона. И после проведенных очных встреч лидером признаны футболисты команды «Локомотив КТЖ». В рамках турнира они провели 15 игр, из которых в 14 одержали победу, а

одну игру провели с результатом «ничья». Как результат, 1-е место в лиге «В». Безусловно, золотой блеск кубка и звон медалей за первое место радуют победителей, но куда сильнее греют душу воспоминания о победах в матчах.

– Наша команда «Локомотив КТЖ» заняла 1-е место в лиге «В». Эту победу мы посвящаем 30-летию профсоюза, – поделился со зрителями на церемонии награждения председатель Акмолинского



филиала АО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

В состав команды вошли работники Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс», ШЧ-12, ЭЧ-6, ТТС. По признанию самих футболистов, добиться успеха в подобных соревнованиях в одиночку просто нереально. Необходимо сочетание личного

таланта и слаженной работы всей команды.

К слову, немаловажную роль сыграл Акмолинский филиал АО «Казпрофтранс». Ведь именно он выступал спонсором команды на протяжении всего года.

На церемонии награждения были отмечены лучшие игроки чемпионата. В номинации «Лучшие бомбардиры лиги «В» признаны футболисты команды «Локомотив КТЖ» – инженер ИТ Владимир Третьяков (на его счету 32 гола), спортивный инструктор Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Азамат Бекеев (на его счету 31 мяч). В номинации «Лучший игрок лиги «В» – член команды «Локомотив КТЖ», старший энергодиспетчер Данияр Раев. Очередной сезон позади. Впереди команду ожидают новые соревнования.

Фото автора

Қауіпсіздік

ЖЕТІ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ ТІРКЕЛГЕН

Маңғыстау жол дистанциясында ақпан айынан бері жалғасып келе жатқан профилактикалық жұмыстар теміржол өткелдерінде жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Дистанция мамандары жергілікті әкімшілік пен жол полициясы өкілдерінің қатысуымен осыған дейін Өзен, Шетпе, Маңғыстау, Жетібай станцияларындағы өткелдер мен жол аралықтарында арнайы рейд өткізді. Олар жергілікті халықпен



кездесіп, өткелдерден әрі-бері өтіп жатқан автокөлік иелерін де тоқтатып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түрлі мысалдар келтіріп, өткелден өтерде ереже бұзбай қауіпсіздікті сақтауға шақырды.

– Магистральдық желі дирекциясы бойынша осы жылы 7 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Оның үшеуі күзетілетін, төртеуі күзетсіз өткелде орын алған. Соның ішінде Қостанайда – 3, Алматы желісінде – 2, Шымкент пен Ақтөбе магистральдық желі бөлімшелері бойынша 1 жағдай. Осындай келеңсіз көрсеткіштердің көбеюіне байланысты жоғарыдан профилактикалық шараларды күшейту туралы жеделхат келген болатын. Мұндай фактілердің

қайталанбауы үшін дистанцияда қажетті шаралар қолға алынып, бірталай жұмыс атқарылды. Өткелдерде автокөлік жүргізушілерімен, аталған нысандарға жақын орналасқан елді мекен тұрғындарымен кездесулер өтті. Барлығы 113 жүк көлігі, 167 жеңіл машина, 31 автобус жүргізушісіне өткелден өту ережесі мен теміржол қауіпсіздігін сақтау тәртібі түсіндірілді. Жол-көлік оқиғасы жиі болатын өткелдер назарға алынып, қауіпсіздік жұмыстары күшейтілді. Бізде мұндай жағдай 2020-2021 жылдары Боржақты станциясы мен Р бекеті аралығында орын алған еді, – дейді бұл туралы Маңғыстау жол дистанциясының жетекші инженері Мұхтар Кульчанбаев.

Суретті түсірген автор

Вопрос-ответ

На вопросы читателей отвечает главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Саян Сыздыков

? **Какie льготы предусмотрены в АО «НК «ҚТЖ», и где работник может получить информацию о социальном пакете?**

Перечень льгот, надбавок и их размеры указаны в Коллективном договоре.

Основные льготы:

- Материальная помощь к отпуску на оздоровление
- Медицинское обслуживание
- Льготное санаторно-курортное оздоровление
- Поощрение в связи с наступлением юбилейных дат
- Летний отдых детей
- Новогодние подарки и утренники детям
- Материальная помощь при наступлении исключительных событий
- Материальная помощь на погребение, рождение, при регистрации брака
- Льготы и гарантии для пенсионеров
- Ранний выход на пенсию при оптимизации должности
- Ранний выход на пенсию машинистов и помощников машинистов
- Выплата компенсаций высококвалифицированным работникам
- Бесплатный проезд на поезде
- Протезирование зубов
- Надбавка 20% молодым специалистам, прибывшим на малые станции/разъезды
- Обеспечение служебным жильем на линейных станциях.

Более подробную информацию о социальном пакете предоставляют кадровые службы предприятия, а также представители профсоюза.

? **Какie изменения ожидаются в санаторно-курортном оздоровлении работников?**

Согласно Правилам, путевки предоставляются работникам один раз в 3 года. Учитывая пожелания и обращения работников, в настоящее время проводится работа по внесению изменений в указанные Правила в части изменения периодичности предоставления путевок (1 раз в 2 года). Кроме того, для работников, состоящих на «Д» учете и для категории производственного персонала, которым по результатам обязательных периодических медицинских осмотров рекомендовано оздоровление (заключение врачебно-экспертной комиссии), будут предоставляться путевки ежегодно (с соблюдением условий Правил).

? **Жұмыс берушінің кінәсі бойынша мүгедек болған қызметкерге әдеттегі автокөліктің бөлінуі мүмкін бе?**

Ұжымдық шартқа сәйкес, Жұмыс беруші, әдеттегі автокөлікті сатып алу үшін ақшалай қаражат бөледі, мүгедек оны, денсаулығының функционалдық бұзылуларына сәйкес өзінің қажеттіліктеріне байланысты бейімдей (қайта жабдықтай) алады.



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айлана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнелігі берілді.